

# **.EDU.KZ аймағындағы Тіркеу орталығы мен Тіркеушінің өзара іс-қимыл регламенті**

**Нұсқа:** 1.0

**Мәртебесі:** draft (жоба)

**Күні:** 01.06.2026 ж.

## **1. Жалпы ережелер**

Осы Регламент .EDU.KZ аймағындағы домендік атауларды тіркеу, пайдалану, әкімшілендіру және тексеру тәртібін айқындайды, Тіркеушілерге қойылатын талаптарды белгілейді және Тіркеу орталығы мен Тіркеуші арасындағы тіркеу келісімінің ажырамас бөлігі болып табылады.

### **1.1. .EDU.KZ домендік аймағының мәртебесі**

EDU.KZ домендік атауы білім беру қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы резидент ұйымдары үшін үшінші деңгейлі домендік атауларды тіркеуге арналған резервтелген екінші деңгейлі домендік атаулар қатарына жатады.

Білім беру қызметіне қатысы жоқ мақсаттарда домендік атауларды пайдалануға жол берілмейді.

### **1.2. .EDU.KZ аймағында тіркеу құқығы**

.EDU.KZ аймағындағы домендік атауларды тіркеу құқығы осы Регламенттің талаптарына және Тіркеу орталығының техникалық спецификациясына сәйкес келетін аккредиттелген Тіркеушілерге беріледі.

## **2. Лицензиялық бақылау**

### **2.1. Делегирлеудің негізгі критерийі**

.EDU.KZ аймағындағы домендік атауды тіркеу және қолдау құқығы білім беру қызметін жүзеге асыруға жарамды мемлекеттік лицензиясы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына беріледі.

Тіркеу орталығы заңды тұлғаның ұсынылған БСН негізінде мемлекеттік тізілімде Тіркелушінің қолданыстағы білім беру лицензиясының болуын міндетті автоматты түрде тексереді (верификациялайды).

Лицензияның тоқтатылуы немесе күшінің жойылуы тиісті домендік атауды делегирлеуді тоқтатуға негіз болып табылады.

### **2.2. Верификация рәсімі келесі жағдайларда басталады:**

- .EDU.KZ аймағында домендік атауды тіркеу кезінде;
- .EDU.KZ аймағындағы домендік атаудың Тіркелушісі өзгерген кезде;

- .EDU.KZ аймағындағы әрбір домен үшін әр 30 күн сайын жүргізілетін мерзімдік верификация кезінде.

### 2.3. Қосымша талаптар

.EDU.KZ аймағындағы домендік атауларды тіркеу немесе өзгерту кезінде Тіркелуші ретінде көрсетілген Contact объектісіне қосымша тексеру талаптары қолданылады.

**«Резиденттік туралы мәліметтер» блогында:**

- BIN типті идентификатордың болуы міндетті;
- ел мәні KZ болуы тиіс.

### 2.4. Верификация барысында келесі қосымша мәртебелер пайдаланылады:

Мәртебе	Мағынасы	Әрекет
pendingEduLicenseVerification	Тексеру басталды	Тіркеу орталығы белгілейді. Тексеру аяқталғаннан кейін алынады.
eduLicenseVerified	Тексеру сәтті өтті, лицензия расталды	Тексерудің оң нәтижесі бойынша белгіленеді
eduLicenseVerificationFailed	Тексеру өтпеді, лицензия табылмады	Сәйкессіздік себебі көрсетіле отырып, теріс нәтиже бойынша белгіленеді

### 2.5. Верификация нәтижелері

Егер домендік атауда eduLicenseVerificationFailed мәртебесі орнатылып, 48 сағат ішінде сәйкессіздік себебі жойылмаса, доменге "Edu license verification failed" себебі көрсетіле отырып, serverHold мәртебесі беріледі (егер serverHold мәртебесі бұған дейін басқа себептермен орнатылмаған болса).

Тіркелуші сәйкессіздік себебін жойған жағдайда, eduLicenseVerificationFailed және сәтсіз верификация нәтижесінде қойылған serverHold мәртебелері Тіркеу орталығымен автоматты түрде 1 сағат ішінде алынады.

## 3. .EDU.KZ аймағындағы Тіркелушінің тіркеу деректерін верификациялау

.EDU.KZ аймағындағы домендік атауларды тіркеу және басқару процесіне электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалана отырып, Тіркелушінің тіркеу деректерін міндетті тексеру (верификациялау) енгізіледі.

Пайдалануға тек Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландырушы орталығы (ҚР ҰКО) берген тіркеу куәліктері (сертификаттары) ғана жіберіледі.

Тіркеу орталығы Тіркелушінің цифрлық қолтаңбасының дұрыстығын, сертификаттың жарамдылығын және BIN типті идентификатордың сәйкестігін автоматты түрде тексереді.

Тіркеу орталығы Тіркелушінің тіркеу деректерінде көрсетілген ұйымның БСН-ін ЭЦҚ сертификаты құрылымында қамтылған ұйымның БСН-імен салыстырады.

.EDU.KZ аймағындағы Тіркелушінің тіркеу деректерін верификациялау міндетті рәсім болып табылады және .KZ, .ҚАЗ аймақтарындағы домендік атаулардың деректерін верификациялау үшін ЭЦҚ пайдалану регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

### **3.1. Верификация нәтижелері**

Егер домендік атауда registrantIdentityVerificationFailed мәртебесі орнатылып, 48 сағат ішінде сәйкессіздік себебі жойылмаса, доменге "Registrant identity verification failed" себебі көрсетіле отырып, serverHold мәртебесі беріледі (егер serverHold мәртебесі бұған дейін басқа себептермен орнатылмаған болса).

Тіркелуші сәйкессіздіктерді жойған жағдайда registrantIdentityVerificationFailed және сәтсіз верификация нәтижесінде қойылған serverHold мәртебелері Тіркеу орталығымен автоматты түрде 1 сағат ішінде алынады.

## **4. Тіркеушінің міндеттері мен жауапкершілігі**

### **4.1. Міндеттері**

- Тізілімге дұрыс және өзекті деректерді ұсыну;
- Тіркелушілерді қолданыстағы білім беру лицензиясының болуы туралы талаптар жөнінде хабардар ету;
- Осы Регламент пен Тіркеу орталығының техникалық талаптарын сақтау.

### **4.2. Жауапкершілігі**

Тіркеуші келесілер үшін жауапты болады:

- Тіркелушінің атынан Тіркеу орталығына берілетін деректердің дұрыстығы үшін;
- Верификация нәтижелері туралы Тіркелушіні уақытылы хабардар ету үшін.

## **5. Техникалық спецификация**

Төменде осы Регламенттің спецификациясын айқындайтын техникалық стандарттарға сілтемелер келтірілген:

KazNIC тіркеу орталығының EPP протоколының жаңарту пакеті (Шығарылымы 01.06.2026)

Қосымша №1. Contact объектілерінің валидация ережелері мен құрылымына енгізілген өзгерістер

Домендік атаулардың деректерін тексеру үшін ЭЦҚ-ны интеграциялау және пайдалану бойынша нұсқаулық .KZ, .ҚАЗ зоналарында

DOC-SPEC-REGISTRANT-IDENTITY-CONFIRMATION-V1 алгоритмінің сипаттамасы

Топ-10 елдің салықтық және азаматтық сәйкестендіру идентификаторлары бойынша анықтамалық

EPP кеңейтімі: Contact Extension 1.0

ЕРР кеңейтімі: КZ Заң кеңейтімі 2.0

Кириллица әріптерін транслитерациялау ережелері (қазақ тілі)

Кириллица әріптерін транслитерациялау ережелері (орыс тілі)